



Автор: Тасбауова Сандугаш Койшыбаевна

Пән: Жаратылыстану

Сынып: 6-сынып

Бөлім: Энергия және қозғалыс

Тақырып: Сұйықтың, газдың және қатты денелердің қысымы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	- тірі және өлі табиғатта қозғалыстың маңыздылығына мысалдар келтіру және түсіндіреді - әртүрлі жануарлардың қаңқа түрлерінің ерекшеліктерін зерттейді - денелер қозғалысының себебін анықтайды
Сабақтың мақсаты:	Оқушыларға қозғалыстың маңыздылығын, себебін түсінуге ықпал ету. Қаңқа түрлерін ажырату дағдысын қалыптастыру
Тілдік мақсаттар:	Қатты заттардағы қысым ... Сұйықтардағы қысым Газдардағы қысым..... Қысымдартады /азаяды ... Газдар туралы айтқанда (меніңойымша) қысым үлкенірек /кішірек бола алады ... Басқа физикалық шамалар сияқтықысымның да өлшем бірлігі болады.
Құндылықтарды дарыту:	Өмір бойы оқу. Ашықтық. Ынтымақтастық
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Қозғалыстың маңызын біледі. Қозғалыстың себебін түсіндіреді. Өлі және тірі табиғаттағы қозғалысты ажыратады. Газ қысымының пайда болуын түсіндіреді. Сұйықтарда ауырлық күші әрекетінен пайда болатын қысымды есептейді
Пәнаралық байланыс:	Физика пәндерінің кейбір элементтері
Бастапқы білім:	Үйкеліс күшінің дененің қозғалыс жылдамдығына әсерін біледі. Тірі табиғат пен өлі табиғат нысандарын ажырата алады

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (7 мин)	I.Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен амандасу, кезекшімен сұхбат. Оқушылардың зейінін сабаққа аудару II Жана тақырыпқа шығу жолы. Жаңа тақырыппен, оқу мақсаттарымен, бағалау критерийлерімен таныстыру Жұпта талқылау. Тірі және өлі табиғатты атау. Тірі және өлі табиғатта болатын қозғалысты анықтау. Оқушылармен талқылау жүргізу.	
Сабақтың ортасы (20 мин)	Жеке жұмыс. Оқушыларға таратпалар таратылады. Әр таратпада кез келген қозғалыс бейнелену немесе жазылуы тиіс, мысалы, доптың құлауы, шардың тегіс және бұдыр жерде қозғалысы, тығынның судың бетінде қалқуы және т.б.. Оқушы таратпада көрсетілген қозғалыстың себебін түсіндіруі қажет Талқылай келе оқушылар әрбір дененің қозғалуына ауырлық күші себеп болатынын түсінуі қажет. Топтық жұмыс. Оқушылар 3 топқа бірігіп, қозғалыстың маңызын анықтауда Венн диаграммасын толтырады	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (10)	<p>Жаңа сабақты түсіндіру Оқушыларды тақырыппен, оқу мақсатымен, бағалау критерийлерімен таныстыру. Талқылау жүргізу. Қаңқа түрлерімен таныстыру мақсатында оқушылар 3 топқа бірігеді. 1- Топ гидроқаңқаны зерттейді. 2- Топ ішкі қаңқаны зерттейді. 3- Топ сыртқы қаңқаны зерттейді. «Джигсо» әдісі. Оқушылар қаңқа түрлеріне зерттеулер жүргізеді де әрбір топтан бір топ мүшесі келесі топқа зерттеулерімен таныстырады, осылай әрбір топ барлық қаңқа түрлерімен танысуы тиіс. Бағалау Оқушылар зерттеулер нәтижесін пайдалана отырып кесте толтыруы қажет. Кесте толтыру нәтижесімен оқушылар бағалау критерийлеріне сәйкес бірін-бірі бағалайды. «Таңдау» әдісі. 1. Мен сабақты _____ болды деп ойлаймын. 2. Мен сабақта _____ үйрендім 3. Мен басқаларды _____ тыңдадым. 4. Мен сабақтағы өз жетістіктеріме _____.</p>	
Рефлексия (3 мин)	<p>Оқушылар зерттеулер нәтижесін пайдалана отырып кесте толтыруы қажет. Кесте толтыру нәтижесімен оқушылар бағалау критерийлеріне сәйкес бірін-бірі бағалайды.</p>	